«DIM&AIS»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
БИН/ИИН 050440011137
БИК HSBKKZKX
ИИК KZ81601A291004084741AO
«Народный Банк Казахстана»

Арыз
/№ 15285459-1 Санды конкурсқа шағым/

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 6-тармағына сәйкес өнім берушіні таңдау біліктілік талаптарына, конкурстық құжаттама, аукциондық құжаттама талаптарына, конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарға сәйкестігі, веб-портал мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің деректері мен мәліметтері негізінде қалыптастыратын әлеуетті өнім берушілер рейтингі, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші ұсынған баға негізінде жүзеге асырылады.

Әлеуетті өнім берушіні анықтау тәртібі, сондай-ақ көрсетілген талаптарына сәйкес келеді не сәйкес келмейді деп тану негіздері мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Қағиданың 15-параграфына сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарын мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем ретінде жұмыс тәжірибесін есептеу тәртібі көрсетілген, яғни осы параграфтың тармақтарындағы негіздемелер сәйкес әлеуетті өнім берушінің құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша жұмыс тәжірибесі есептеліп, мемлекеттік сатып алу Веб-порталымен шартты жеңілдіктер автоматты түрде беріледі деп көрсетілген.

Сонымен қатар Қосымша 7 Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары №5 Тармағында

- Соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) жұмыс тәжірибесінің болуы деп көрсетілген.

Ал біздің жұмыс тәжірбиеміз электрондық депозитарияда расталған. Жоғарыдағы негізде біздің жұмыс тәжірбиемізді есептеулеріңізді сұранамыз. Болмаса жоғары тұрған лауазымды органға шағымданамыз.

Директор ТОО «DIM&AIS» **Калмұрат Д.М.**